

Спанов М.У.¹, Арбашиева А.Д.²

¹экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: m-spanov@rambler.ru

²PhD докторанты, Халықаралық бизнес университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a.dossymzhanovna@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕАЭО ЕЛДЕРІМЕН ШЕКАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстанның ұлттық экономикасының еуразиялық одақ жағдайындағы интеграциялық үдерістердің тікелей әрі белсенді ықпалында болатын элементтері, бұл – шекара маңы аймақтары. Шекара маңы аймақтары арқылы сауда, қоршаған орта, ауыл шаруашылығы, көлік, қауіпсіздік және коммуникация салалары бойынша халықаралық шекаралық ынтымақтастық жүзеге асырылады. Осыған байланысты бұл мақаланың мақсаты – ЕАЭО жағдайында Қазақстанның одақ елдерімен, атап айтқанда Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық ынтымақтастықтың ерекшеліктерін және шекара маңы аймақтарының экономикалық дамуындағы рөлін анықтау. Зерттеу барысында шет елдік және отандық әдебиеттер зерделенді; ресейлік зерттеушілердің тәжірибесінде қолданылған әдістер – өзара шекаралас аймақтардың гравитация индексын есептеу, көліктік-логистикалық желілер және арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) қол жетімділігіне талдау жасау арқылы Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтарының ынтымақтастық әлеуеті бағаланды. Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан мен Ресейдің шекаралық ынтымақтастығының еліміздің шекара маңы аймақтарының экономикалық дамуындағы рөлін сипаттауға мүмкіндік беретін SWOT-талдау жасалды. Талдау нәтижелері бойынша, шекара маңы ынтымақтастығы елдің солтүстік аймақтарының экономикалық дамуына келесідей мүмкіндіктер береді: үзілген өндірістік-өнеркәсіптік байланыстардың жандануы; шекаралық инфрақұрылымның дамуы; туризм саласының дамуы; аймақтық өндірушілердің халықаралық нарыққа шығуы; еңбек нарығының білікті мамандармен толысуы және басқа. Қауіп-қатерлер: Ресей аймақтары үшін шикізат базасы болып қалып қою; жергілікті өндірушілердің өнімдеріне сұраныстың төмендеп кетуі; жұмыс күшінің, әсіресе жоғары білікті мамандардың шет елге кетуі; шекаралық саудадағы теңсіздіктің артуы.

Түйін сөздер: ЕАЭО, шекара маңы аймақтары, шекаралық ынтымақтастық, өңіраралық ынтымақтастық, көліктік-логистикалық әлеует, арнайы экономикалық аймақтар.

Spanov M.¹, Arbashiyeva A.²

¹doctor of economic sciences, professor, al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: m-spanov@rambler.ru

²PhD doctoral student, University of International Business,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: a.dossymzhanovna@gmail.com

The Role of Border Cooperation of Kazakhstan with the EAEU Countries in the Economic Development of Cross-border Regions

Border regions of Kazakhstan are elements of the national economy, which are constantly experiencing the direct and active influence of the integration processes in the conditions of the Eurasian Union. Cross-border international cooperation in trade, environment, agriculture, transport, security and communications takes place across border regions. In this regard, the purpose of this article is identification of features of border cooperation of Kazakhstan with the EAEU countries (on the example of Kazakhstan and Russia) and definition of its role in economic development of border regions. During the research

have been studied foreign and domestic literature on a subject; the methods which are earlier used in researches of the Russian scientists have been applied: such as calculation of the index of gravitation of regions, the analysis of availability of transport and logistic networks and the special economic zones (SEZ) in border areas for assessment of potential for border cooperation of regions of two states. Based on the results of the research, a SWOT analysis was compiled, which allows describing the role of border cooperation between Kazakhstan and Russia in the economic development of border regions of the country. According to the results of the analysis, border cooperation provides the following opportunities for the economic development of the northern regions of the country: the revival of interrupted production and industrial relations; development of cross-border infrastructure; development of tourism; the entry of regional producers into the international market; the replenishment of the labor market with qualified personnel and others. Risks: the threat to remain a source of raw for the Russian regions; demand reduction for local products; the outflow of labor abroad, especially highly qualified specialists; increasing imbalances in cross-border trade.

Key words: EAEU, border regions, cross-border cooperation, interregional cooperation, transport and logistics potential, special economic zones.

Спанов М.У¹., Арбашиева А.Д.²

¹Доктор экономических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: m-spanov@rambler.ru

²PhD докторант, Университет международного бизнеса, Казахстан, г. Алматы, e-mail: a.dossymzhanovna@gmail.com

Роль приграничного сотрудничества Казахстана со странами ЕАЭС в экономическом развитии регионов

Приграничные регионы Казахстана являются элементами национальной экономики, которые испытывают непосредственное и активное влияние интеграционных процессов в условиях Евразийского союза. Через приграничные регионы осуществляется приграничное международное сотрудничество в области торговли, окружающей среды, сельского хозяйства, транспорта, безопасности и связи. В этой связи целью данной статьи является выявление особенностей приграничного сотрудничества Казахстана со странами ЕАЭС (на примере Казахстана и России) и определение его роли в экономическом развитии приграничных регионов. Во время исследования были изучены зарубежная и отечественная литература по теме; были применены методы, ранее использованные в исследованиях российских ученых, такие как: расчет индекса гравитации регионов, анализ доступности транспортно-логистических сетей и специальных экономических зон (СЭЗ) в приграничных регионах для оценки потенциала для приграничного сотрудничества регионов двух государств. По результатам исследования составлена таблица SWOT-анализ, позволяющая описать роль пограничного сотрудничества между Казахстаном и Россией в экономическом развитии приграничных регионов страны. По результатам анализа, пограничное сотрудничество дает следующие возможности для экономического развития северных регионов страны: возрождение прерванных производственно-промышленных связей; развитие трансграничной инфраструктуры; развитие туризма; выход региональных производителей на международный рынок; пополнение рынка труда квалифицированными кадрами и другие. Риски: угроза остаться сырьевой базой для регионов России; снижение спроса на продукцию местных производителей; отток рабочей силы за границу, особенно высококвалифицированных специалистов; увеличение диспропорций в приграничной торговле.

Ключевые слова: ЕАЭС, приграничные регионы, приграничное сотрудничество, межрегиональное сотрудничество, транспортно-логистический потенциал, специальные экономические зоны.

Кіріспе

2015 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Ресей және Беларусь елдерімен Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше болды (кейінірек одаққа Армения мен Қырғызстан қосылды). ЕАЭО Келісімшарты тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етуді, экономика салалары бойынша өзара үйлестірілген, келі-

сілген, бірыңғай экономикалық саясатты жүргізуді көздейді. ЕАЭО дамуында және одаққа мүше елдердің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарушы халықаралық экономикалық қатынастардың бір бөлігі – бұл шекаралық ынтымақтастық.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өзінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында «Халықаралық

ынтымақтастық аясында ұлттық экономикалық мүдделерді қорғап, ілгерілету қажет. Бұл, ең алдымен, ЕАЭО, ШЫҰ ішінде Жібек жолы Экономикалық белдеуімен ұштасатын жұмыстарға қатысты. Ол үшін экономикалық дипломатия жұмысын қайта құрып, жандандыра түсу қажет» деп атап өтті. Бұл орайда Қазақстанның ұлттық экономикасының ЕАЭО жағдайында басты интеграциялық үдерістердің тікелей әрі белсенді ықпалында болатын элементтері, бұл – шекара маңы аймақтары. Шекара маңы аймақтары елдің әкімшілік басқару орталығынан шалғай орналасқан, үнемі көрші елмен шекара ахуалының ықпалында болатын өңірлер. Әлемдік тәжірибеде шекара маңы аймақтары жоғары даму динамикасымен ерекшеленеді, себебі халықтың, тауарлар мен қызметтердің трансшекаралық қозғалысында негізгі көпір болып табылады. Шекара маңы аймақтары арқылы қоршаған орта, ауыл шаруашылығы, көлік, қауіпсіздік және коммуникация салалары бойынша халықаралық ынтымақтастық жүзеге асырылады. Алайда, халықаралық интеграция жағдайында шекара маңы аймақтарының экономикалық дамуына жол ашып қана қоймай, сонымен қатар қауіп-қатерлердің орын алуы объективті құбылыс. Сондықтан шекара маңы аймақтары ерекше назарды, бақылауды талап етеді. Шекаралық ынтымақтастық мәселесі шет елдік, ЕАЭО елдерінен әсіресе Ресей ғалымдарының тарапынан көптеп зерттелуде, алайда бұл мәселе отандық ғылымда жан-жақты, тереңірек зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты бұл зерттеу жұмысының мақсаты – ЕАЭО жағдайында Қазақстанның одақ елдерімен, атап айтқанда Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық ынтымақтастықтың ерекшеліктерін және шекара маңы аймақтарының экономикалық дамуындағы рөлін анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаладағы зерттеу жұмысының әдіснамалық жүйесі келесідей сатылардан тұрады. Ең алдымен зерттелген мәліметтерді талдау және жалпылау әдістері арқылы шекаралық ынтымақтастық және шекара маңы аймақтарының теориялық негіздеріне шолу жасалады. Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтарының арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігі мен интенсивтілігін талдау үшін екі түрлі көрсеткіштер тобы қолданылды: экономикалық және экономикалық емес көрсеткіштер. Олар

еуразиялық интеграцияның тереңдеуі жағдайында шекаралық ынтымақтастықтың дамуына ықпал ететін алғышарттар мен қазіргі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Гравитация индексі. Агломерация әсерін және онымен байланысты нарықтың мөлшерін ескере отырып, гравитация индексі есептеу шекара маңы аймақтарының сауда әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді:

$$GRAV = \sum_i^j \left(\frac{p_i p_j}{d_{ij}} \right), \quad (1)$$

мұндағы, GRAV – гравитация индексі; p_i – i аймақтың халық саны; p_j – j аймақтың халық саны; d_{ij} – аймақтардың әкімшілік орталықтарының арасындағы қашықтық.

Неғұрлым ірі агломерациялар аймақтардың әкімшілік орталықтары және олардың арасындағы қашықтық қысқа болған сайын, екі аймақтың өзара тартылысы мен өзара әрекеттесу әлеуеті соғұрлым жоғары болмақ.

Интеграциялық бірлестік елдерінің шекаралық аймақтарын байланыстырушы *көліктік-логистикалық желілердің болуы*. Бұл көрсеткіш интервалдық шкала бойынша бағаланады (0; 100), егер «0» болса – көрсетілген зерттеу параметрінің болмауы, «100» – көрсетілген зерттеу параметрінің болуы.

Шекара маңы аймақтарындағы инвестициялық белсенділікті анықтауға мүмкіндік беретін *арнайы (еркін – Ресей) экономикалық аймақтардың (АЭА) болуы* интервалдық шкала бойынша бағаланады (0; 100), егер «0» болса – көрсетілген зерттеу параметрінің болмауы, «100» – көрсетілген зерттеу параметрінің болуы.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер бойынша талдау нәтижелері негізінде *SWOT-талдау* жасалады.

Зерттеу жұмысының ақпараттық базасын зерттеу мәселесі бойынша шет елдік және отандық әдебиет көздері, мерзімдік басылымдар, мемлекеттік бағдарламалар және Қазақстан мен ЕАЭО-ның статистикалық мәліметтері құрайды.

Әдебиеттерге шолу

Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде аймақтардың шекаралық ынтымақтастығы мәселесінің өзектілігі мен көпқырлылығы көптеген батыстық, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі.

Еуропалық интеграцияның дамуына байланысты шекара ерекшеліктерін зерттеу жөнінде көптеген шет елдік жұмыстар жарық көрді.

Трансшекаралық аймақтардың қалыптасуы мәселесі П. Нийкамп, С. Райх, П. Ритвельд, П. Шмит-Эгнер және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан (Nijkamp et al., 1990).

П. Ритвельдтің «шекарадағы кедергілердің эффектісі» туралы жұмысында автор шекаралар бар жағдайда бұл проблеманың өзектілігі жоғалмайды деп атап көрсетеді. Әлемдік халықаралық қатынастар шекаралардың әсерінен қиындамайынша, шекара маңы аймақтарының зерттеу пәні болуы екіталай деген пікірге келеді (Rietveld, 2012). Шекаралық ынтымақтастық аймақтардың дамуын зерттейтін экономикалық теорияның бір бөлігі ретінде келесідей ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған: Б. Ван дер Вельде, Р. Мартин, О. Мартинес, Л. Топалоглу және басқалар.

Б. Ван дер Вельде мен Р. Мартиннің жұмысында «интеграцияланған шекара маңы аймақтары» бөліп көрсетіледі. Олар тауарлардың, адамдардың, ақша ағымының және идеялардың еркін қозғалысымен сипатталады (Van der Velde et al., 1997).

О. Мартинестің «Шекара маңы тұрғындары» атты жұмысында «интеграцияланған шекара маңы аймақтары» өзара тығыз ынтымақтастық пен жоғары тұрақтылық арқылы сипатталады (Martinez, 1994).

Шекаралық ынтымақтастық мәселесі Ресейлік бірқатар ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. А.М. Анисимов, А. Баринов, Л.Б. Вардомский, А.М. Либман және басқалардың еңбектеріне мынадай тәсіл тән: шекаралық ынтымақтастықтың дамуы тек экономикалық өсудің кепілі ғана емес, сондай-ақ аймақтардың экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстарын қамтамасыз етеді және жалпымемлекеттік қызметтерді атқаруға ықпалдасады (Анисимов и др., 2013). Алайда еуразиялық интеграция жағдайында шекаралық ынтымақтастық мәселелері ғылыми тұрғыда, әсіресе қазақстандық ғылымда жеткілікті дәрежеде зерттелмеген.

Шекаралық ынтымақтастық және шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығы мәселелерін қарастырмас бұрын «шекара маңы аймағы» ұғымының түсінігіне тоқталып өткен жөн.

1-кесте – «Шекара маңы аймағы» ұғымының мазмұндық анықтамалары

Әдебиет	«Шекара маңы аймағы» ұғымының анықтамалары
Башмаков А.А. Шекаралық ынтымақтастықтан Еуразиялық экономикалық интеграцияға дейін: ғылыми жұмыстар жинағы. – Алматы қ., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2013. – 216 б.	Шекара маңы аймағы – бұл шекарасы көршілес елдің мемлекеттік шекара сызығымен шектесетін, әкімшілік немесе өзге мемлекеттік-аумақтық бірліктің құрамындағы аймақ.
Грибова С.Н. Ресейдің шекаралас өңірлерін дамыту: әдіснама және тәжірибе, Улан-Удэ, 2011.	Шекара маңы аймағы мемлекеттік шекаралармен жанаспайтын аймақтарға қарағанда ерекше шаруашылық жүргізу жағдайларына ие. Олар жағымды, сонымен қатар оның дамуындағы белгілі бір жағымсыз салдарлар болып табылады. Шекара маңы аймақтарының шаруашылық қызметтің белсенділігіне мотивациясы төмен, ал олардың экономикалық өсуі экспорттың шикізаттық бағыттылығымен шектелген.
Гаврилова И.И., Горевая М.И. Туризмнің шекаралық аймақтың экономикалық дамуына әсері (Амур облысы мысалында), «Ғылым мен білімдегі пәнаралық зерттеулер» ғылыми журналы, №1, 2012.	Шекара маңы аймағы – аумақтың ресурстарын біріктіретін, бір немесе бірнеше шет елдік аймақтармен кедендік шекараға ие, халықтың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында шет елдік шекара маңы аймақтарымен үкіметаралық келісім негізінде өзара ынтымақтастық орнататын экономикалық тұтастық.
Яровой Г.О. Еуропадағы аймақтық және трансшекаралық ынтымақтастық. – СПб.: Норма, 2007.	Шекара маңы аймақтары география, тарих, экология, этникалық топтар, экономикалық мүмкіндіктер көзқарасы тұрғысынан бір, алайда шекараның екі жағындағы басқарушы үкіметтердің егемендігі арқылы бөліктерге бөлінген.

«Шекара маңы аймағы» ұғымының түсініктерін қорытындылай келе, шекара маңы аймағына келесідей анықтама беруге болады: шекара маңы аймағы – бұл бір немесе бірнеше көршілес елмен шекара маңында орналасқан, елдің ішкі аймақтарына қарағанда ерекше саяси-экономикалық жағдайларда (шекара режимінің ықпалында) шаруашылық жүргізетін, ортақ мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру жолында көршілес елдің шекаралық аймағымен мәдени, экологиялық және экономикалық ынтымақтастық орнататын мемлекеттік-аумақтық бірліктің құрамындағы экономикалық тұтастық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 449 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасында: «Еліміздің оңтүстік өңірлерінде іргелес елдердің шекара маңы аумақтарының тығыз қоныстануына, сондай-ақ дамыған инфрақұрылымның, көліктік қолжетімділікпен шекара маңы саудасының болуына байланысты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің серпінді өсуі үшін барлық алғышарттар бар... Көліктік қолжетімділік жоғары болғандықтан, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 12 ресейлік және 7 қазақстандық өңір орналасқан шекара маңындағы аумақтарының жоғары интеграциясы байқалады... Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша даму деңгейі жоғары шекара маңындағы өңірлерге Шығыс Қазақстан (шекара маңындағы ресейлік аймақ) және Атырау облыстары, дамыған өңірлерге – Оңтүстік Қазақстан облысы, орташа дамыған өңірлерге – Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан (шекара маңындағы қытайлық аймақ), Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары, даму деңгейі төмен өңірлерге – Қызылорда облысы жатады. Осыған байланысты, ауылдық аумақтарды дамытудың жалпы проблемаларын шешумен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шекара маңындағы аумақтарды кешенді дамытудың жаңа кезеңін бастау қажет» деп көрсетілген. Бағдарлама шекара маңындағы аймақтарды дамыту бойынша келесідей міндеттерді көздейді:

1) шекара маңындағы аудандардың ірі қоныстарының әкімшілік маңыздылығын арттыру;

2) перспективалы елді мекендерді – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерін және оларды дамыту бойынша шараларды айқындау;

3) шекара маңы ынтымақтастығы елді мекендерінің инфрақұрылымын дамыту және жайластыру;

4) шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру, шағын және орта бизнесті дамыту.

1995 жылдан бастап жыл сайын екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мемлекет басшыларының қатысуымен шекаралас өңірлер басшыларының форумдары өткізіліп келеді. Екі жақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі сауда-экономикалық байланыстар болып табылады. Нәтижесінде Ресей Федерациясы республиканың ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары отын, энергетика және ғарыш салаларын, көлік-логистикалық кешенді, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты және т.б. қамтиды. Олар Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті құрудың кілті болатын тығыз экономикалық байланыстары бар (Сағындықов, 2014).

Бүгінгі күні Қазақстан-Ресей өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығының субъектілері мемлекеттік және муниципалды билік, бизнес, қоғамдық ұйымдар және екі елдің қарапайым азаматтары болып табылады. Өзара экономикалық, гуманитарлық қарым-қатынастар тәжірибесінде ынтымақтастықтың негізгі формалары қалыптасты. Оларға мыналар жатады:

– ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша бірлескен жоспарлар мен іс-қимыл бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

– ынтымақтастық туралы келісімдер (мемлекетаралық, өңіраралық және муниципаларалық) негізінде екі елдің мемлекеттік және жергілікті мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимыл;

– екіжақты келісімдер негізінде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың ынтымақтастығы;

– ынтымақтастықты дамыту үшін үйлестіру органдарын қалыптастыру және пайдалану;

– екі мемлекеттің ынтымақтастығы қатысушыларының форумдарын және кездесулерін ұйымдастыру (Иванов, Жундубаев, 2015).

Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы ынтымақтастығы бастапқы кезеңде үзіліп қалған шаруашылық байланыстарын қалпына келтіруге және өнімдерді сату нарығын сақтап қалуға деген қажеттіліктен орнатылған. Бүгінде бұл қарым-қатынастар сапалық түрде өзгерген және ұлттық

экономикалардың дамуындағы диспропорцияларды түзету мақсатында өзара іс-қимылдарды қамтитын, екі елдің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған келісілген саясат арқылы сипатталады. Бұған келесідей заңнамалық база негіз болады:

– Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны дамыту туралы Келісім-шарт, 1996 жылдың 29 наурызы;

– Экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны дамыту туралы Келісім-шарт қатысушы – мемлекеттерінің шекаралық ынтымақтастығының негізгі қағидалары туралы Үкіметаралық келісім, 1999 жылдың 26 ақпаны;

– Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы облыстарының ынтымақтастығы туралы келісім, (Омск, 1995 жылдың 26 қаңтары) («Гарант» ақпараттық-құқықтық жүйесі, <https://garant.ru>);

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 1998-2007 жылдарға арналған Келісім-шарт, 1998 жылдың 12 қазаны;

– Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы аймақтардың шекаралық ынтымақтастығы туралы 1999 – 2007 жылдарға арналған келісім, (Астана, 1999 жылдың 24 қыркүйегі) (Халықаралық шарттардың бюллетені, 2000, № 11);

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аймақтарының шекара маңы ынтымақтастығының 1999 – 2007 жылдарға арналған Бағдарламасы (Халықаралық шарттардың бюллетені, 2000, № 11);

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясын аймақтарының шекара маңы ынтымақтастығының 2008 – 2011 жылдарға арналған Бағдарламасы («Консультант Плюс» ақпараттық-құқықтық жүйесі);

– Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы аймақаралық және шекара маңы ынтымақтастығының 2012-2017 жылдарға арналған Бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, <https://www.mfa.kz/>)

Сонымен қатар, екі елдің шекара маңы ынтымақтастығы Қазақстанның мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарының (облыстар) басшыларының кездесулерінде қол қойылған,

1991 жылдан бастап қазірге дейінгі аймақтық деңгейдегі құжаттармен де қамтамасыз етіледі.

Жыл сайын Қазақстан мен Ресей арасындағы өңіраралық ынтымақтастық туралы Форум өткізіліп отырады. Әр Форумда өңіраралық ынтымақтастықтың белгілі бір бағыты талқыланып, бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойылады. Қазақстан мен Ресей арасындағы өңіраралық ынтымақтастық туралы XV Форум 2018 жылдың 9 қарашасында Петропавл қаласында туризм саласын екіжақты дамыту тақырыбында өткізіледі («Солтүстік Қазақстан» баспасы, <https://izdatelstvo-sk.kz>).

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығы екі елді жақындастыратын бірқатар стратегиялық, экономикалық және тарихи сипаттағы объективті алғышарттарға ие. Оның негізі болып өзара толықтырушы өнеркәсіп желілері, ортақ технологиялар, дәстүрлі мәдени және қоғамдық байланыстар, географиялық жақындық табылады. Қазақстан – Ресей шекарасының жалпы ұзындығы 7500 км асады. Қазақстанның 14 облысының жартысы – 7 облысы Ресей Федерациясының 12 әкімшілік бірлігімен шекараласады. 1 млн 500 жуық қазақстандықтар Ресеймен шекара маңы облыстарында тұрады. Ынтымақтастық аясында шекарада орнатылатын сенім мен татулық интеграциялық үдерістерді жеделдетуші маңызды факторлардың бірі болып табылады (Башмаков, 2013).

Қазақстан мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығын талдауда гравитация индексі көрсеткішінің маңызы зор (2-кесте).

Осылайша, Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтарының өзара тартылысы мен өзара әрекеттесу әлеуеті ең жоғары аймақтар: Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен) – Алтай Республикасы (Таулы Алтай), Батыс Қазақстан облысы (Орал) – Астрахан облысы (Астрахан), Қостанай облысы (Қостанай) – Орынбор облысы (Орынбор).

Интеграциялық бірлестік елдерінің шекаралық аймақтарын байланыстырушы *көлік-логистикалық желілердің болуы*.

3-кестеде Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтарын байланыстырушы көліктік-логистикалық желілердің қол жетімділігі 0-ден 100 баллға дейінгі шкала бойынша бағаланған.

2-кесте – Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтары үшін гравитация индексінің есебі (Ткаченко, 2017)

Қазақстан аймағы	Ресей аймағы	Гравитация индексі
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	1348387
Атырау облысы (Атырау қ.)	Астрахан облысы (Астрахань қ.)	377074
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қ.)	Алтай өңірі (Барнаул қ.)	532192
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қ.)	Алтай Республикасы (Таулы Алтай қ.)	48926
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	516886
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Волгоград облысы (Волгоград қ.)	440895
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Саратов облысы (Саратов қ.)	554144
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Самара облысы (Самара қ.)	1208408
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Астрахан облысы (Астрахань қ.)	219547
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	250818
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Челябинск облысы (Челябинск қ.)	1059181
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Қорған облысы (Қорған қ.)	279227
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Омск облысы (Омск қ.)	1024435
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Новосибирск облысы (Новосибирск қ.)	1054527
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Алтай өңірі (Барнаул қ.)	444413
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Қорған облысы (Қорған қ.)	271037
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Түмен облысы (Түмен қ.)	428424
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Омск облысы (Омск қ.)	905798

3-кесте – Қазақстан мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарын байланыстырушы көліктік-логистикалық желілердің қол жетімділігі, балл (Ткаченко, 2017)

Қазақстан аймағы	Ресей аймағы	Темір жол желілері	Халықаралық маңызға ие автомобиль магистральдары
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	100	0
Атырау облысы (Атырау қ.)	Астрахан облысы (Астрахань қ.)	100	0
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қ.)	Алтай өңірі (Барнаул қ.)	100	0
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қ.)	Алтай Республикасы (Таулы Алтай қ.)	0	0
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	0	0
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Волгоград облысы (Волгоград қ.)	0	0
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Саратов облысы (Саратов қ.)	10	0
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Самара облысы (Самара қ.)	0	100
Батыс Қазақстан облысы (Орал қ.)	Астрахан облысы (Астрахань қ.)	0	0
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Орынбор облысы (Орынбор қ.)	0	0
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Челябинск облысы (Челябинск қ.)	100	100
Қостанай облысы (Қостанай қ.)	Қорған облысы (Қорған қ.)	0	0
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Омск облысы (Омск қ.)	0	100
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Новосибирск облысы (Новосибирск қ.)	0	0
Павлодар облысы (Павлодар қ.)	Алтай өңірі (Барнаул қ.)	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Қорған облысы (Қорған қ.)	100	0
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Түмен облысы (Түмен қ.)	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл қ.)	Омск облысы (Омск қ.)	100	100

Кестеден көріп отырғанымыздай, келесідей аймақ жұптарының көліктік-логистикалық әлеуеті ең жоғары, яғни екі параметр бойынша 100 баллға ие: Қостанай облысы (Қостанай) – Челябинск облысы (Челябинск) және Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл) – Омск облысы (Омск). Қалған өңірлерді көлік-логистика желісімен қамтамасыз ету қажет.

ЕАЭО елдерінің заңнамасы арнайы экономикалық аймақтар құрудың мүмкіндігін қарастырады: Ресей мен Белоруссияда олар «еркін экономикалық аймақтар» (ЕЭА) деген атауға

ие, ал Қазақстанда – «арнайы экономикалық аймақтар» (АЭА) деп аталады. Бұған қоса, бұл инвестициялық институттың шекара маңы аймақтарында таралу дәрежесі де әркелкі сипатқа ие.

4-кестеде Қазақстан мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарындағы инвестициялық белсенділік арнайы экономикалық аймақтар формасында 0-ден 100 баллға (0 – шекараласатын екі аймақта да АЭА болмауы; 50 – шекараласатын аймақтардың бірінде АЭА болуы; 100 – шекараласатын екі аймақта да АЭА болуы) дейінгі шкаламен бағаланған.

4-кесте – Қазақстан мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарында АЭА болуы, балл

Қазақстан аймағы	Ресей аймағы	АЭА
Ақтөбе облысы	Орынбор облысы	0
Атырау облысы («Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА)	Астрахан облысы («Лотос» өнеркәсіптік типтегі ЕЭА)	100
Шығыс Қазақстан облысы	Алтай өңірі («Бирюзовая катунь» туристік-рекреациялық типтегі ЕЭА)	50
Шығыс Қазақстан облысы	Алтай Республикасы («Долина Алтая» туристік-рекреациялық типтегі ЕЭА)	50
Батыс Қазақстан облысы	Орынбор облысы	0
Батыс Қазақстан облысы	Волгоград облысы	0
Батыс Қазақстан облысы	Саратов облысы	0
Батыс Қазақстан облысы	Самара облысы («Тольятти» өнеркәсіптік типтегі ЕЭА)	50
Батыс Қазақстан облысы	Астрахан облысы («Лотос» өнеркәсіптік типтегі ЕЭА)	0
Қостанай облысы	Орынбор облысы	0
Қостанай облысы	Челябинск облысы	0
Қостанай облысы	Қорған облысы	0
Павлодар облысы («Павлодар» АЭА)	Омск облысы	50
Павлодар облысы («Павлодар» АЭА)	Новосибирск облысы	50
Павлодар облысы («Павлодар» АЭА)	Алтай өңірі («Бирюзовая катунь» туристік-рекреациялық типтегі ЕЭА)	100
Солтүстік Қазақстан облысы	Қорған облысы	0
Солтүстік Қазақстан облысы	Түмен облысы	0
Солтүстік Қазақстан облысы	Омск облысы	0

Ескерту – М.Ф. Ткаченко, А.В. Журова, 2017 және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (<http://invest.mid.gov.kz/kk/kategorii/sez>) негізінде авторлармен құрастырылған.

4-кестеден көріп отырғанымыздай, АЭА формасында инвестициялық белсенділігі жоғары аймақтардың жұптары: Атырау облысы («Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА) – Астрахан облысы («Лотос» өнеркәсіптік типтегі ЕЭА) және Павлодар облысы («Павлодар» АЭА) – Алтай өңірі («Бирю-

зовая катунь» туристік-рекреациялық типтегі ЕЭА) болып отыр. АЭА-ларды өзінің жалпы формасында ел аумағының бөлігі ретінде түсіну керек, онда мемлекет шетелдік және отандық инвестицияларды тарту мақсатында шетелдік және отандық кәсіпкерлердің қызметіне ең қолайлы басқару режимін белгілейді. Әдетте бұл режим

саудаға (экспорттық және импорттық баждарды алып тастауға), салықтық жеңілдіктерге (салық салуды жоюға дейін), коммуналдық қызметтерді ұсыну үшін қаржылық жеңілдіктер мен басқа қызметтерге және кіру және шығу рәсімдерін жеңілдетуге, кәсіпорындарды тіркеуді оңтайландыратын әкімшілік жеңілдіктерді қарастырады.

Экономикалық салада ынтымақтастықтың тараптары сауда, өнеркәсіптік ынтымақтастық және өзара инвестициялық саясатты дамытуға баса назар аударады. Осы өзара әрекеттесу бағытын талдау бүгінгі күні ең көп дегенді білдіреді. Шекаралас өңірлердің сыртқы сауда қатынастары қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары Қазақстан мен Ресейдің сыртқы сауда айналымындағы шекаралас аумақтардың үлесі 70%-ға дейін өсті, оның ішінде Ресей Федерациясының 12 субъектісі мен Қазақстанның 7 шекара ауданында 40%-дан астам. Сонымен қатар, сыртқы саудадағы жекелеген аймақтардың рөлі олардың экспорттық әлеуетіне тікелей байланысты. Ресейдің Түмен облысы және Атырау облысында басым, мұнда көмірсутектердің үлкен қорлары бар. Олар барлық экспорттың жартысынан астамын құрайды. Өңіраралық сауда өнеркәсіптік ынтымақтастықты ынталандыратын факторлардың бірі болып табылады (Гурова, 2012).

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығына талдау (Солтүстік Қазақстан облысы мен Ресейдің шекара маңы аймақтары мысалында). Еліміздің «солтүстік қақпасы» аталатын Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) мен Ресейдің шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығының аймақтардың экономикалық дамуында алатын рөлі ерекше. СҚО зор экономикалық және ресурстық әлеуетке ие. Экономикасының дамуындағы басым бағыт ауыл шаруашылығы болып табылады, ең алдымен астық өндірісі. Машина жасау, тау-кен өндірісі, өңдеуші өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындар облыстың индустриалдық әлеуетін сипаттайды. Солтүстік Қазақстан облысының машина жасау кәсіпорындарындағы өнім экспорты бойынша негізгі әріптес Ресей Федерациясы болып табылады, оның үлесіне экспортталатын тауарлардың 30,6% келеді.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша машина жасау кәсіпорындары бойынша экспорттық жеткізілімдер 915,3 млн. теңгені құрады.

Мәселен, «ЗМО» ЖШС-не 124,6 млн. теңгеге Қорған және Түмен қалаларының серіктестеріне

бұрғылау құралдары үшін қосалқы және қосалқы бөлшектерді, «ШФ Поиск» ЖШС сомасы 24,2 млн. теңгеге мұнай саласына арналған жиынтықтаушы бұйымдарға құраушылар, «Блок» ЖШС және «Изолит» ЖШС жалпы сомасы 414,5 млн. теңгеге электр оқшаулау материалдарын жеткізуге экспорттық жеткізуге келісім-шарт жасалды. Жалпы, аталған кәсіпорындар бойынша 423,6 млн. теңге сомаға шарттар орындалды.

Тау-кен өнеркәсібі саласы бойынша ынтымақтастық келесі кәсіпорындар бойынша қалыптасты:

– «Компания-Диорит-LTD» ЖШС 2018 жылдың 9 айында «Граниты-Орал» ЖШҚ және «СНК Логистик» ЖШҚ, «Транслогистик М» ЖШҚ (Омбы, РФ) жалпы көлемі 62,9 мың текше м. қиыршық тас жеткізді.

– «Севказтас» ЖШС 2018 жылдың 9 айында «Инари» ЖШҚ, «НерудПром» ЖШҚ, (РФ) көлемі 42,8 мың тонна фракциялық қиыршық тас жеткізді.

– «НерудИндустрис» ЖШС 2018 жылдың 9 айында «Белосток» ЖШҚ (Омск, РФ) көлемі 6,363 мың тонна қиыршық тас жеткізді. (Солтүстік Қазақстан облысы: ресми интернет-ресурс, Халықаралық ынтымақтастық, <https://sko.gov.kz/>). Мұндай нәтижелерге жетуде СҚО мен Ресейдің өзара шекара маңы аймақтарын байланыстырушы көліктік-логистикалық желілердің қол жетімділігі (3-кесте) факторының зор ықпалын аңғаруға болады.

Дегенмен де, облыстың Ресеймен сыртқы саудасын сипаттайтын статистикалық мәліметтер көңіл қуантарлық емес. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы қаңтартамызда СҚО Ресеймен сыртқы сауда айналымы 221 млн 500 мыңнан астам АҚШ долларын құраған, оның ішінде 31 млн 500 мың – экспортқа және 190 млн – импортқа тиесілі (Солтүстік Қазақстан облысының Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара саудасы, <https://stat.gov.kz/>). Көріп отырғанымыздай, СҚО сауда балансының экспортын тек 14% ғана, ал импортын 86% құрап отыр. Бұған облыс экономикасының шикізаттық бағыттылығы, жанадан жанданып келе жатқан өнеркәсіп орындарының ресейлік кәсіпорындармен бәсекеге дайын еместігі себеп болып отыр.

Қазақстан мен Ресейдің ЕАЭО жағдайындағы шекаралық ынтымақтастығының Қазақстанның шекара маңы аймақтарының экономикасы үшін рөлін келесі SWOT-талдау арқылы сипаттауға болады.

5-кесте – Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы ынтымақтастығының жағдайына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> – Ұнтымақтастықты дамытуға жол беретін ресурстық әлеуеттің жоғарылығы; – Ұқсас табиғи және климаттық жағдайлар; – Бірін бірі толықтырушы өнеркәсіптік желілердің болуы; – Қазақстан мен Ресей қалалары мен аудандары арасындағы көпжылдық тығыз байланыстар; – ЕАЭО шеңберіндегі интеграциясының шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығын заңнамалық-құқықтық базамен қамтамасыз ету; – экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экологиялық, саяси ортақ мақсаттардың болуы; – шекара маңы аймақтарында өзара сыртқы сауданы қамтамасыз ететін көліктік-коммуникациялық желілердің болуы. 	<ul style="list-style-type: none"> – шекара маңы аймақтарындағы экономиканың шикізаттық бағыттылығы; – көліктік-логистикалық және ақпараттық жүйелердің даму деңгейлерінің әркелкілігі; – шекара маңындағы аумақтарда қажетті экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық және т.б. шекара маңындағы сауда үшін балама жағдайлар туғызатын халықтың өмір сүру ортасының жоқтығы (О.Б. Ештаев, 2009); – Ресеймен шекара маңы облыстарының басым көпшілігінде екіжақты инвестициялық белсенділікті ынталандыратын АЭА-ның болмауы; – үнемі шекара ахуалының ықпалында болуы; – заңнамалардағы айырмашылықтар.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> – үзілген өндірістік-өнеркәсіптік байланыстардың жандануы; – шекаралық инфрақұрылымның дамуы; – энергетика, тау-кен және өңдеуші өнеркәсіп салаларына инвестициялардың тартылуы; – туризм саласының дамуына мүмкіндіктердің пайда болуы; – өңірлердің экономикасына алдыңғы технологияларды тарту мақсатында ғылыми, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің халықаралық ынтымақтастығы; – ортақ экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экологиялық мәселелерді шешуде күш біріктіру; – аймақтық өндірушілердің халықаралық нарыққа шығуы; – аймақаралық ынтымақтастық туралы келісімдер мен бағдарламалар аясында кәсіпкерлік белсенділіктің артуы, бірлескен кәсіпорындардың құрылуы; – еңбек нарығының білікті мамандармен толысуы, жұмыс күшінің мобильділігінің артуы; – кәсіпорындардың бәсекеге деген ынталарының жоғарылауы; – халықтың тұтыну тауарлары мен қызметтерінің саны мен сапасының артуы. 	<ul style="list-style-type: none"> – Ресей аймақтары үшін шикізат базасы болып қалып қою; – жергілікті өндірушілердің өнімдеріне сұраныстың төмендеп кетуі; – жұмыс күшінің ағымының, әсіресе жоғары білікті мамандардың шет елге көптеп өтіп кетуі; – ресейлік кәсіпорындармен бәсекеге түсе алмайтын жергілікті кәсіпорындардың нарықтан шығып қалуы; – импорттық азық-түлік үлесінің артуына және өнімдердің төмен сапасына байланысты азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің қиындауы (Таршилова Л.С., 2016); – саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздықтың орын алуы; – экологиялық мәселелердің ушығуы; – қылмыстылық деңгейінің өсуі; – аймақтың және жалпы елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төнуі; – халықаралық саудадағы теңсіздіктің артуы.

Қорытынды

Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы ынтымақтастығының негізі өзара толықтырушы өнеркәсіп желілері, ортақ технологиялар, дәстүрлі мәдени және қоғамдық байланыстар, географиялық жақындық болып табылады. Шекаралық ынтымақтастық түрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Алайда, Қазақстанның шекара маңы аймақтарының экономикалық дамуына әсер ету сипаты әр аймақта әркелкі. Оған аймақтардың шекаралық ынтымақтастыққа дайындық деңгейлерінің негізінен төмендігі, экономиканың шикізаттық бағыттылығы, тең өзара сауданы қамтамасыз ететін

экспорттық әлеуеттің төмендігі және басқа да факторлар тікелей ықпал етеді. Дегенмен де, талдау нәтижелері бойынша шекаралық ынтымақтастық саласында ең әлеуеті жоғары аймақтар ретінде келесі аймақтардың жұптарын бөліп көрсетуге болады: Батыс Қазақстан облысы (Орал) – Астрахан облысы (Астрахан), Қостанай облысы (Қостанай) – Орынбор облысы (Орынбор), Қостанай облысы (Қостанай) – Челябинск облысы (Челябинск) және Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл) – Омск облысы (Омск). ЕАЭО жағдайында шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығынан оң нәтижелерге қол жеткізу үшін жергілікті және мемлекеттік деңгейде салауатты экономикалық саясат қажет.

Әдебиеттер

- Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт (Астана қ., 2014 жылғы 29 мамыр)
 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар
- Nijkamp P., Rietveld P., Salomon I. Barriers in Spatial Interactions and Communications. A Conceptual Exploration // *The Annals of Regional Science*. – 1990. – Vol. 24, P. 237-252.
- Rietveld P. Barrier Effects of Borders: Implications for Border-Crossing Infrastructures // *EJTIR*. – 2012. – № 12(2), P. 150–166.
- Van der Velde B., Martin R. So many regions, so many borders. A behavioural approach in the analysis of border effects // Paper prepared for the 37th European Congress of the European Regional Science Association, Rome, Italy, Aug. 26–29, 1997, 48 p.
- Martinez O.J. *Border People*. University of Arizona Press. – 1994.
- Анисимов А.М., Баринов С.Л., Вардомский Л.Л., Либман А.М. және басқалар Ресей, Беларусь және Украина өңірлерінің шекара маңы ынтымақтастығы: жағдайы және перспективалары // *Еуразиялық экономикалық интеграция*. 2013 ж. 4 (21) қараша
- Бибатырова И.А. Аймақтық экономика және басқару: оқу құралы. – Алматы, 2012, 220 б.
- Грибова С.Н. Ресейдің шекаралас өңірлерін дамыту: әдіснама және тәжірибе. – Улан-Удэ, 2011, 13 б.
- Гаврилова И.И., Горева М.И. Туризмнің шекаралық аймақтың экономикалық дамуына ықпалы (Амур облысы мысалында) // «Ғылым мен білімдегі пәнаралық зерттеулер» ғылыми журналы, №1, 2012.
- Яровой Г.О. Еуропадағы аймақтық және трансшекаралық ынтымақтастық. – СПб.: Норма, 2007.
- Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген
- Сағындықов Р.Е. Қазақстан мен Ресей: ынтымақтастықтың қырлары, әлемдік проблемалар // *Сыртқы саясат*. – №4 (34) 2014, 174-178 б.
- Иванов В.Н., Жундубаев М.К. Ресей мен Қазақстанның аймақаралық және шекара маңы ынтымақтастығы: негізгі басымдықтар // *Ұлттық мүдделер: басымдықтар мен қауіпсіздік*. – №7 (292). – 2015, 38-50 б.
- «Гарант» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://garant.ru>
- Халықаралық шарттардың бюллетені. – 2000. – № 11.
- «Консультант Плюс» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://base.consultant.ru>
- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, <https://www.mfa.kz/>
- «Солтүстік Қазақстан» баспасы, <https://izdatelstvo-sk.kz/news/9-noyabrya-v-petropavlovskoye-projdyot-xv-forum-mezhregionalnogo-sotrudnichestva-kazahstana-i-rossii/>
- Башмаков А.А. Шекаралық ынтымақтастықтан Еуразиялық экономикалық интеграцияға дейін: ғылыми жұмыстар жинағы. – Алматы қ., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ. – 2013, 26 бет.
- Ткаченко М.Ф., Журова А.В. ЕАЭО қатысушы-елдерінің аймақтарының шекара маңы ынтымақтастығының факторлары мен әлеуеті // *РУДН Хабаршысы, Экономика сериясы*. – 2017. – Т. 25. – № 3, 319-332 б.
- Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі <https://invest.mid.gov.kz/kk/kategorii/sez>
- Гурова И., Ефремова М. ТМД-дағы аймақтық сауда: өнеркәсіптік ынтымақтастықтың алғышарттары // *Экономика мәселелері*. – № 6, 110-126 б.
- Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі / Статистикалық жинақ. – Астана: Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігі. – 2012, 230 б.
- Солтүстік Қазақстан облысы: ресми интернет-ресурс, Халықаралық ынтымақтастық <https://sko.gov.kz>
- Еуразиялық экономикалық комиссия, Сыртқы және өзара сауда статистикасы, https://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/tables/intra/Pages/default.aspx
- Солтүстік Қазақстан облысының Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара саудасы, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, <https://stat.gov.kz/>
- Ештаев О.В. Қазақстан Республикасындағы шекара маңындағы сауданың дамуының ұлттық экономикаға әсері, Қарағанды университетінің хабаршысы, Экономика сериясы, 2009.
- Таршилова Л.С. Облыстық агроөнеркәсіптік кешеннің трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысуы // *Ресей – Қазақстан: трансшекаралық ынтымақтастық, мұражай-туристік әлеуеті, әлемдік деңгейдегі іс-шараларға арналған жобалар мен бағыттар: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция м.ж. Шығарылым 1*. – Самара, 2016. URL: <https://regrazvitiye.ru/wp-content/uploads/2016/01/Tarshilova.pdf>

References

- Anisimov A.M., Barinov S.L., Vardomskii L.L., Libman A.M. and others (2013) Belarus and Ukraine on their borders: state and prospects. Eurasian Economic Integration. 2013. 4 (21) November. URL: https://eabr.org/upload/iblock/36/n4_2011_6_4.pdf.
- Bashmakov A.A. (2013) Shekaralyk yntymaktastyktan euraziyalyk ekonomikalik integraciyağa deiiin: gylimi jumystar jinagy [From border cooperation to Eurasian economic integration: a collection of scientific papers]. KISR under the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, p. 216.

- Bibatyrova I.A. (2012) Aimagtyk ekonomika jane baskaru: oku kuraly [Regional economy and management]. Almaty, p. 220.
- Eshtaev O.B. (2009) Kazakhstan Respublikasyndagy shekara manyndagy saudany damuynyn ulityk ekonomikaga aseri [Influence of the development of border trade in the Republic of Kazakhstan on the national economy]. Bulletin of Karaganda University, Economy Series.
- Euraziyalyk ekonomikalyk odak turaly shart (2014) [Treaty on the Eurasian Economic Union]. Astana
- Eyraziyalik Ekonomikalyk Komissiya, Syrtky jane ozara sauda statistikasy [Foreign and Mutual Trade Statistics]. Eurasian Economic Commission, <http://www.eurasiancommission.org>
- «Garant» akparattyk-kukykytky juiesi [Information and legal system «Garant»]. <https://garant.ru>
- Gavrilova I.I., Gorevaya M.I. (2012) Turismnin shekaralyk aimagtyk ekonomikalyk damuyna ykpaly (Amur oblysy mysalynda) [The impact of tourism on the economic development of the border region (on the example of the Amur Region)], Scientific Journal «Interdisciplinary Research in Science and Education», No. 1.
- Gribova S.N. (2011) Reseidin shekaralas onirlerin damytu: adisnama jane tajiribe [Development of border regions of Russia: methodology and practice], Ulan-Ude, p. 13.
- Gurova I., Efremova M. (2012) TMD-dagy aimagtyk sauda: onerkasiptik yntymaktastyktyn algyshtartary [Regional trade in the CIS: prerequisites for production cooperation]. Economy questions, No. 6, pp. 110–126.
- Halykaralyk sharttardyn biulleteni [Bulletin of International treaties]. 2000, No. 11.
- Ivanov V.N., Jundubaev M.K. (2015) Resei men Kazakhstannyn aimagaralyk jane shekara many yntymaktastygy: negizgi basymdyktar [Interregional and Cross-border Cooperation of Russia and Kazakhstan: Key Priorities]. National Interests: Priorities and Security, No.7 (292), pp. 38-50.
- Kazakhstan jane onyn onirlerinin onerkasibi: Statistikalyk jinak [Industry of Kazakhstan and its regions: Statistical compendium]. (2012) Astana: Agency of the Republic of Kazakhstan on Statistics, 230 p.
- Kazakhstan Respublikasy Syrtky Ister Ministrligi [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan]. <http://www.mfa.kz/>
- Kazakhstan Respublikasynyn Investiciyalar jane damu ministrligi [Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan]. <http://invest.mid.gov.kz/kk/kategorii/sez>
- «Konsultant Plus» akparattyk-kukykytky juiesi [Information and legal system «Consultant Plus»]. <http://base.consultant.ru/>
- KR Prezidenti N.Nazarbaevtyн «Kazakhstannyn ushinshi jangyruy: jahandyk basekege kabilettilik» atty Kazakhstan halkyna joldaу [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan «The Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness»] (2017). Astana
- Martinez O.J. (1994) Border People. University of Arizona Press.
- Nijkamp P., Rietveld P., Salomon I. (1990) Barriers in Spatial Interactions and Communications. A Conceptual Exploration. The Annals of Regional Science, Vol. 24. pp. 237-252.
- Onirlerdi damytudyn 2020 jylga deiingi dagdarlamasy [Programs for the development of regions until 2020] (2014) Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan, No. 728.
- Rietveld P. (2012) Barrier Effects of Borders: Implications for Border-Crossing Infrastructures. EJTIR, № 12 (2), pp. 150-166.
- Sagindikov R.E. (2014) Kazakhstan men Resei: yntymaktastyktyn kyrlary, alemdik problemalar [Kazakhstan and Russia: the facets of cooperation, world problems]. Foreign policy, No. 4 (34), pp. 174-178.
- Soltustik Kazakhstan oblysy: resmi internet-resurs, Halykaralyk yntymaktastyk [North Kazakhstan region: official Internet resource, International cooperation]. <https://sko.gov.kz>
- Soltustik Kazakhstan oblysynyn Euraziyalyk ekonomikalyk odak elderimen ozara saudasy [Mutual trade of the North Kazakhstan region with the countries of the Eurasian Union]. Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan, <http://stat.gov.kz/>
- «Soltustik Kazakhstan» baspasy [North Kazakhstan Publishing House]. <https://izdatelstvo-sk.kz/news/9-noyabrya-v-petropavlovske-projdyot-xv-forum-mezhregionalnogo-sotrudnichestva-kazahstana-i-rossii/>
- Tarshilova L.S. (2016) Oblystyк agroonerkasiptik keshennin transshekaralyk yntymaktastykka katysuy [Participation of the regional agri-food system in cross-border cooperation]. Russia-Kazakhstan – Kazakhstan: cross-border cooperation, museum-tourism potential, projects and routes to world-class events: International scientific-practical conference., Issue 1, Samara, URL: <https://regrazvitie.ru/wp-content/uploads/2016/01/Tarshilova.pdf>
- Tkachenko M.F., Zhurova A.V. (2017) EAEО katysushy-elderinin aimagtarynyn shekara many yntymaktastygynyn faktorlary men aleueti [Factors and Potential of Cross-border Cooperation of Regions of the EAEU Member States]. Bulletin of RUDN. Series: Economy, Vol. 25. No. 3, pp. 319-332.
- Van der Velde V., Martin R. (1997) So many regions, so many borders. A paper on the 37th European Congress of the European Regional Science Association, Rome, Italy, Aug. 26-29, 1997, p. 48.
- Yarovoy G.O. (2007) Europadagu aimagtyk jane transshekaralyk yntymaktastyk [Regionalism and transboundary cooperation in Europe]. Norma.